



ӘЙЕЛ БАСТАҒАН КӨШ: КАМАЛА ЖЕҢІСКЕ ЖЕТЕ МЕ?



АҚШ-та президент сайлауы қыза түсті. Трампқа жасалған қастандықтан соң науқанға назар ауып, халық саяси оқиғаны қапы жібермеуде. Оның үстіне таяуда Джо Байден президент сайлауынан өз кандидатурасын алатынын, орнына қазіргі вице-президент Камала Харресті ұсынатынын жеткізген еді. Енді әлемдік БАҚ «Алдағы жағдай қалай өзгермек?», «АҚШ тарихында әйел президент бола ма?» деген сауалдарға жауап іздеп әлек. Әзірге CNN арнасының тілшісі Сэм Фоссум әзірлеген бағдарламада ғана барлық сұраққа жауап толымды берілгені. Орайы келгенде бағдарламаға шолу жасап көрейік.

Кейінгі қадамдардан байқалғаны, Трамптың «құлағы қанағана» дейін-ақ президент сайлауында жөнді бөсеке болмаған. Олай дейтіміз, басты қарсылас Байденнің денсаулығы мен жасына қатысты көп сын айтылып келген. Қырыққанда, 27 маусымда өткен теледебат кезінде Трампқа қарсы шыққан Байден сөздің басын қоса алмай, ойы шапыранқы болды. Осыдан кейін Демократиялық партияның ұпайы төмендегені есімде. Ал Трампқа жасалған қастандықтан соң партияның еш үміті қалмағандай көрінген. Себебі шабуыл күні «суға салса, батпайтын, отқа салса, жанбайтын» Трамптың рейтингі шарықтап кеткен-тұғын.

Содан болар, 21 шілдеде қазіргі АҚШ президенті Джо Байден президенттік жарыстан шығатынын жариялап, өзінің вице-президенті Демократиялық партиядан кандидат ретінде қолдайтынын мәлімдеді. Егер ол жеңіске жетсе, Харрис АҚШ тарихындағы алғашқы әйел президент және шыққан тегі азиялық-америкалық бірінші президент болуы мүмкін.

«Вице-президент Камала Харрис ұлттық сауалнама нәтижесінде президенттікке үміткер Дональд Трамптан 2% алда келеді. Reuters/Ipsos жүргізген сауалнамада Камала Харрис 44% жинаса, Дональд Трамп 42% дауыс жинаған. Алайда Трамптың сайлауалды штабы мұны уақытша құбылыс деп есептейді. Өз кезегінде Харрис Дональд Трампты жеңу үшін «қолынан келгенін бәрін жасайтынын» айтып, Демократиялық партиядан президенттікке кандидат ұсыну үшін дауыс беретін делегаттардың жеткілікті санының қолдауына ие болды, – делі тілші.

Көп өтпей Камала Харрис сайлауалды науқанының алғашқы бейнеролигін жариялады. Бейнероликтегі оның «Кейбір адамдар біз хаостың, қорқыныш пен жек көрудің елі болуымыз керек деп санайды. Бірақ біз бостандықтың таңдаймыз» деген сөзі АҚШ интернет ресурстарында кең тарауда. Әлеуметтік желіде жарияланған бейнероликте Бейонсенің Freedom әнімен сүйемелденген. CNN мәліметі бойынша, Харрис командасы әншіден оның әнін сайлауалды науқанының әнұраны ретінде пайдалануға рұқсат сұраған екен. Мұндай мәселелерге әдетте қатаң қарайтын Бейонсе бірден келісім берген.

Тақырыпқа қатысты Дональд Трамптың пікірі де қызық. Ол 23 шілдеде Truth Social (Twitter-дің баламасы, –авт.) әлеуметтік желісінде жеті пост жазған болса, соның алтауы Харриске бағытталған. Мәтін көлемі әрқилы болғанымен, мәні бір. Барінде Байденнің «ақмақ» Харресті президент қылу арманының орынсыз екені айтылған.

Ал сарапшылар ойы басқа. Көбі Харрестің Трамп пен Байденнен жасы кіші болуы әрі саяси аренада бұрыннан салмағы бар саясаткер екені шешуші рөл атқарады деген пікірде. Оған қоса әлемдік әскери жағдайға деген ел ұстанымына өзгеріс енгізуі ықтимал екен.

КАМАЛА КІМ?

Харрис вице-президент қызметінде сыртқы саясаттағы білімін шындап, ондаған елге сапарлады, 150-ден астам қоғамдастықпен кездесті. Маусымда Харрис АҚШ атынан Швейцарияда өткен Украинаның бейбітшілік форумна барды. Саяси сарапшылар сөзінше, сайлаушылар әлі де Харресті халықаралық деңгейдегі мемлекеттік қайраткер санамайды. Бұл жөнсіз-ақ. Себебі Харрис – сыртқы саясатта шешуші оқиғаның ортасында болған білікті маман. Тіпті Трамптың жақтастарының өзі оны «радикал солшыл» деп сөзбененді.

Харрис эмигранттар отбасында дүниеге келген. Әкесі АҚШ-қа Ямайкадан, анасы Ундістаннан көшіп келген. Мұндай әлеуметтік тектік ерекшелік АҚШ-тағы эмигранттар арасында қолдау табуға көмек берсе керек. Оның үстіне ол 2016 жылы Сенатқа сайланған. Оған дейін Конгрестің жоғары палатасында тек бір қара нәсілді әйел болған екен. Харрис Сенаттың 4 түрлі комитетінде жұмыс істеген. 2021-жылдан бері вице-президент қызметін атқарып келеді. 3 жарым жыл ішінде ондаған шетелдік сапар барысында 150-ден аса елдің басыларымен кездесіп, сыртқы саясаттағы беделі де артқан. Оның вице-президенттігі кезінде жұмыссыздық деңгейі төмендеді, дәрі-дәрмек арзандап, студенттердің берешегі кешірілді. Сарапшылар өзінің сайлауалды науқанында Харрис ханым осы жетістіктерін алға тартуы мүмкін дегенді мензейді.



ОЛИМП ШЫҢЫНДАҒЫ ТАРИХ

Парижде өтіп жатқан байрақты бәсеке ел назарында. Олимпиаданың алғашқы күнінен-ақ мерей өсіп, көңіл көтерілді. Алғаш қадамды нысана көздеуден ұлттық құрама қола жүлдемен басталса, кейін ел намысын жықпаған Елдос Сметов алтыннан алқа тақты. Сәті түскенде төрткүл дүние көз тіккен сайыстың алғашқы нәтижесіне шолу жасайық.

Олимпиаданың бірінші жарыс күні түрлі эмоция сыйлағаны сөзсіз. Алдымен сәтсіз нәтиже көрсеткен отандастарымыздан бастасак. Академиялық есеккес есуден ерлер арасындағы іріктеу сайысында отандасымыз Владислав Яковлев мәреге 5-ші болып жетті. Оның уақыт көрсеткіші – 7:21.56 секунд. Велоспорттан жекелей сындағы уақытқа жарыста ұлттық құрама спортшысы Евгений Федоров 21-сатыдан көрінді. Оның уақыт көрсеткіші – 38:33.98 секунд. Ал Қазақстандық теннисші Александр Бублик Париж Олимпиадасында Тейлор Фрицке (АҚШ) есе жіберіп, жекелей сынды аяқтады.

Спорттық гимнастика сайысы бойынша да жағдай маз емес. Милад Карими мен Нариман Құрбанов іріктеу кезеңінде өнер көрсетті. Ат жаттығуында Нариман Құрбанов – 15.000 ұпай (5-орын), Милад Карими – 13.266 ұпай (30-орын) жинады. Милад Карими еркін жаттығуды 7-орынмен (14.433 ұпай), қоспайысты 15-орынмен (14.433 ұпай) аяқтаса, қос шығырықта 21-орынға (14.366 ұпай) табан тіреді. Ал шығырықта 36-орыннан (13.000 ұпай), керме жаттығуында 12.700 ұпаймен 40-орыннан көрінді.

Жасыратыны жоқ, алғашқы медаль ел күтпеген спорт түрінен бұйырды. Ол – пневматикалық тапаншамен 10 метрден нысана көздеу. Жарыс кезінде ерлер арасындағы іріктеуде Никита Чирюкин 15-сатыға тұрақтап, финалға шыға алмаса, әйелдер арасындағы іріктеуде Ирина Юнусметова 574 ұпаймен 11-сатыға табан тіреген болатын. Кенет Алғаш рет олимпиада ойындарына қатысып тұрған Ислам Сатпаев пен Александр Ле жұбы Германия құрамасынан басым түсіп, «қоланы» қоржынға салды. Айта кетейік, мергендер ертеректе іріктеуде 630,1 ұпай жинаған. Ислам мен Александр дүзті – былтыр Ханжюуда өткен жазғы Азия ойындарының қола жүлдегері. Биылғы долада да нәтижені қайталады десе болатындай.

4-БЕТТЕ

ЦИФРЛЫҚ ИНКЛЮЗИЯ: ТЕҢ ОРТА, ТЕҢ МҮМКІНДІК



Инклюзия (латын тілінен inclusio – «қосу, қатыстыру») – физикалық немесе психикалық ерекшеліктеріне қарамастан барлық адамдарды қоғамда тең өмір сүруі. Бұл әрбір адамның еңбек етуге, білім алуға және қоғамға қатысуына тең мүмкіндіктерге ие екендігін білдіреді. Білім берудегі инклюзия – ерекше балалардың басқа оқушылармен бірге білім алуы. Жұмыстағы инклюзия барлық қызметкерлер үшін тең жұмыс алаңын қамтамасыз етеді. Цифрлық инклюзия – бұл барлық адамдардың цифрлық технологияларға тең қолжетімділігін қамтамасыз ету. Бұл әрбір адам жасына, табысына, білімі мен тұрғылықты жеріне қарамастан интернетті, компьютерді және басқа да цифрлық құрылғыларды пайдалана алуы керек дегенді білдіреді. Цифрлық инклюзияның мақсаты – технологияның кедергі тудырмай, адамдарға оқуда, жұмыста және күнделікті өмірде көмектесуін қамтамасыз ету. Жыл сайын смартфон мен түрлі гаджеттер пайдалану әсерінен адамдардың көз көру және есту қабілеті нашарлауда. «Global Burden of Disease» зерттеуі бойынша, 2050 жылға қарай заңғар саны 61 миллионға жетеді, көру қабілеті бұзылғандар – 474 миллионға, ал пресбиопиямен (жақын қашықтықтан көру қабілетінің бұзылуы) – 866 миллионға жетеді. Бұл ретте технологиялардың есту және сөйлеу сияқты басқа мүмкіндіктері шектеулі адамдар үшін қолжетімді болуы маңызды.

СТАРТАПТАР МЕН БАҒДАРЛАМАЛАР

Дүниежүзілік банктің мәліметі бойынша, әлем халқының 15 пайызы мүмкіндігі шектеулі, бұл шамамен 1 миллиард адамды құрайды. Қазірде цифрлық технология барлық адамдарды тең етуге өз үлесін айтарлықтай қосуда. Жаңа технологияларды оқыту ерекше қажеттіліктері бар адамдарға жаңа құралдар мен қызметтерді үйренуге көмектесуде де маңызды рөл атқарады. Сондай-ақ бағдарламалық жасақтама мен веб-сайттарды мүмкіндігі шектеулі адамдарға қоса, барлығына ыңғайлы болатындай етіп жасау маңызды. Цифрлық инклюзияны ілгерілету үшін көптеген ел кітапханалар мен қоғамдық орындарды пайдалануда барлығына ыңғайлы арнайы бағдарламалар жасады. Сондай-ақ компьютер мен интернетті меңгеруге үйрететін білім беру бағдарламаларын әзірлеп

оқытуда. Цифрлық инклюзия адамдарға онлайн жұмыс табуға, оқуға және кәсіби дамуға мүмкіндік беру арқылы экономикалық өсуді қамтамасыз етеді. Ол ақпаратқа, білім беру ресурстарына және әлеуметтік қызметтерге қолжетімділікті қамтамасыз ету арқылы ерекше жаңдарға өмір сапасын жақсартуға септігін тигізеді. Цифрлық инклюзия технологияға қолжетімді немесе пайдалану дағдыларының жетіспеушілігімен шектелмей, әр адам цифрлық экономика мен мәдениетке толық қатыса алатын қоғам құруға бағытталған. Бұл технология тек таңдаулыларға ғана емес, барлығына қызмет ететін неғұрлым тең және инклюзивті әлемге апаратын жол. Инклюзивті технологиялар ақпарат пен ресурстарды қолжетімді ете отырып, оқу мен даму мүмкіндіктерін қамтамасыз етеді.

3-БЕТТЕ



АБАТТАНДЫРУ: КӨП ЖЕРДЕ ЖАНАШЫРЛЫҚ ЖЕТІСПЕЙДІ

Жыл сайын егілген көшеттердің санында шек жоқ. Бұған дейін «егілді-бітті» деумен шектелген жағдайдың соңында қағаздағы санға қарап, қала орманға айналған ба дейтіміз жасырын емес. Биыл бұл мәселеге төтесінен түсіп, «Жасыл Қызылорда» мекемесі арқылы оларды күтіп-баптау жайы да шешімін тапқан. Сандық деректерге көз жүгіртсек, биыл қалада 11 мың дана ағаш көшеті мен көгал, сәндік гүлдер отырғызылды. Әйтсе де кемшіл тұстар да жоқ емес.

2-БЕТТЕ

ҚАРЖЫ ПИРАМИДАСЫНЫҢ ҚАҚПАНЫ



Интернет тұрмысты жеңілдеткенімен, одан келетін қауіп-қатер де артын отыр. Соның ішінде қаржы пирамидаларының жарнамасы ғаламторда ашықтан-ашық жарияланып, мыңдаған адам сан соғуда.

Көбі қарызға белшеден батып, ағайын-туысын да күмәнді қадамға апарған. Алаяқтардың арманы бір – табыс табу, оңай олжа іздеу.

Кесірі өзіне ғана емес, өзгеге де тиіп, қанша шаңырақ шайқалды. Статистикаға сүйенсек, былтыр облыста аталған мәселе бойынша 157 іс қозғалған.

Алаяқтардың заңсыз әрекетінен аймаққа 8 млрд теңгеден астам шығын келтірілген, алайда сотқа дейінгі тергеу барысында 4,8 миллиард теңгенің мүлкі өтеліпті. Мәселе тым өзекті.

2-БЕТТЕ

4-БЕТТЕ



ҚАРЖЫ пирамидасының қақпаны

Басы 1-бетте

Биылғы көрсеткіш те көңіл көншітіп тұрған жоқ. Жұырда Қаржы мониторингі агенттігі 20-дан астам қылмыстық іс тергеліп жатқанын мәлімдеді. Айтуларына, басым дені – интернет жарнама арқылы құрыққа түскен азаматтардың кейсі.

«Азаматтарды алаяқтық схемаларға тартудан қорғау мақсатында қаржы пирамидаларын ұйымдастырушыларға қатысты 22 тергеу басталды. Құқыққа қарсы мазмұндағы 14 мың сілтеме алдын ала бұғатталып, 100-ден астам құқыққа қарсы чаттар мен аккаунттар жойылды», – деді агенттік төрағасы Дмитрий Малахов.

Арбаудың өдісі көп

Кейде қазақ қоғамы «аузы күйсе де үрлеп ішуді» білмейтіндей көрінеді. Олай деуге себеп жоқ емес. Ұмытпасқақ, 2-3 жыл бұрын QNet компаниясына алданып, пирамиданың тұзғына түскен азаматтар шу шығарды. Миллиондар желге ұшқан, алаяқ із-түссіз. Мәселені БАҚ жазды, желі шулады. Тіпті жауапты сала мамандары қылмыстың қалай жүзеге асатынын, қайтып тұзақ құралатынына дейін егжей-тегжей елге айтып, сақтандырды. Оқиғаның резонанс тудырғаны сонша, секіме бар, күдігі ояу адам қайтып бұл қақпанға түспес деген едік. Алайда қанша уақыт өтсе де қаржы пирамидасының пайдасына жұмыс істеп, сенделгендер азаймай тұр.

Негізі елді бұлдіріп отырған қаржы пирамидасының дені шетелдік компаниялар. Айналдырған жеті-сегіз мекеме 100 мыңға жуық адамды арбап келген. Қазірдің өзінде шетелдік Eolus, Nisa, GPIBS, Dari Receive, Charoit, Carhomi, Beefer; Eolus қаржылық пирамидасына қатысты сот үкімі шыққан. Демек, біздің алаяқтардың өзі өзге елге «жем» болған.

Жеті ірі компания басты «ойыншылар» екені түсінікті. Бұлардан өзге аймақтарда жұмыс істейтін «шағын ұйымдар» жетерлік. Олардың қатарында «QI Trade Kazakhstan», «Лидер Капитал 168» МҚҰ ЖШС, «Finiko», Sincere Systems Group, «Business Game» интернет жобалары, «Не работа», «Kotel» жобалары, «Тендер», Bay Life, «Millioner777», Life is Good, «Луч света», The Great Tower, «Рассвет и Миллионеры», «Люкс», «Өзіміз гой, Арай!», «Faberlic», «Доверие», «Аманат Home», «Елім-ай 2019», «GAR», «Табыс» сияқты ұйымдар бар. Бұл – Қаржы мониторингі агенттігінің мәліметі. Егер осы компанияларға қатысы бар іс болса, құқық қорғау органына жүгінген жөн.

Ескеретін жайт, тек соңғы алты айда интернет желісінде 36 қаржы пирамидасы анықталған. Жауапты департамент WhatsApp, Telegram және Instagram әлеуметтік желілерінде 200 чат тексеріп, оның 182-сін бұғаттаған. Осылайша, 126 мың азаматтың қаржысы сақталыпты.

Аталған алаяқтықтың қылмыс жүйесін заңгерлерден артық ешкім білмес. Сондықтан елордалық заңгер Қанат Мақсұтпен байланысып, тақырыпқа қатысты пікір білген едік.

«Қаржы пирамидасы – тиімді инвестицияларды имитациялайтын алаяқтық жоба. Қаражат ақша салып қана қоймай, өзімен бірге басқа адамдарды да тартатындардың есебінен түсіп тұрады. Бұл ретте пирамиданың жоғары жағындағылар шынымен табыс таба алады. Ал соңынан келгендер аңғалдықпен ақшаларын салып, алданып қала береді. Мәселе мынада, қаржы пирамидасының өкілдері азаматтардан ақша алады. Әдетте, бұл қаражат әртүрлі жобаларға, стартаптарды дамытуға немесе бағалы қағаздарды сатып алуға инвестиция салу сылтауымен тартылуы мүмкін. Ұйымдастырушылар қатысушылар енгізген жарналардан кіріс алады. Схемалар неғұрлым көп адам кірсе, ұйымдастырушының кірісі неғұрлым жоғары болады. Алайда пирамиданың негізін қалаушы кез келген уақытта жұмысты тоқтатып, кірістерді төлеуден бас тарта алады. Өкінішке қарай, жарналарды қайтару мүмкін емес, – дейді ол.

Қызығы, жауапты мамандар талдау жүргізіп, қаржылық пирамидалардағы инвесторлардың психологиялық портретін құрған екен. Нәтижесі назар аударуға тұрарлық. Қаржылық пирамидалар «құрбандық» ретінде көрсетілген, жоғары білімі және қаржылық сауатсыз, жалақысы төмен лауазымдарда жұмыс істейтін адамды таңдайды екен. Сондай-ақ зейнеткер және жұмыссыздар да тұзаққа түсетін көрінеді. Өкініштісі, қаржылық пирамидаларға жұмысқа қабылдау көбінесе туыстары немесе жақын достары арқылы жүзеге асады екен.

Бір мысал, сөз арасында айтқан QNet пирамидасының өкілдері аймақта да белсенді жұмыс жүргізген болатын. Өткен жылы сол ұйымдағы екі азаматқа қаржы пирамидасын құрып, оған басшылық жасады деген айып тағылған еді. Ағайынды жігіттер 2020-2021 жылдар аралығында облыс аумағында «Qnet» құрылымдық бөлімшесін құрған. Олар желілік маркетинг өнімдерін тарату бойынша ізін жасырып, нарықты толық зерттепті.

«Еліміздің аумағында тыйым салынған

қаржылық пирамида бойынша заңсыз қызмет пен ұйым туралы анық, дәйекті түрде білгеннен аса ірі көлемде азаматтардың ақшалай қаражатын тартуға бағытталған әрекеттер жасаған. Осы активтерді қайта бөлу және басқа қатысушылардың жарнасы есебінен кейбір қатысушыларды байыту жолымен ұйымдастырып отырған. Аталған қаржы пирамидасынан 40 салымшы зардап шеккен. Шығын көлемі – 53 млн теңге. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында келтірілген шығын салымшыларға толық қайтарылды», – делінген еді облыстық экономикалық тергеп-тексеру департаментінің мәліметінде.

Қаржы пирамидасын құрушылар үлкен қалаларда немесе облыс орталығында ғана деген де жақсақ түсінік. Ол үшін смартфон мен интернет болса болды.

Блогерлер бөлені бастап отыр

Жалпы, ел бойынша жұмыс жүргізген қаржы пирамидаларының атауы жеті қат жер астына жасырынған күпия емес. Агенттік пен департамент сайтында сайрап тұр әрі дүркін-дүркін хабар да жариялануда. Халық оңай жолмен ақша табымын деп ашкөздікке салынба болмай, әуелі бірер минут уақыт кияп, қызыққан компанияның тарихына көз жүгіртсе, өкінішке ұрынбас еді. Солай дейміз-ау, алайда...

Кейде сенім мен үміт ақылыға бағынбайды. Әсіресе, күнін әзер көріп жүрген жандар мен қаржыға мұқтаж топ қысым дегенді қолдай бермейтіні бар. Үміт деп отырғанымыз, қаржы пирамидасының арбауына түскендер жылдам ақша тауып, қарыздан құтылсам, сауасқ қымбаттап қаражат түссе деп үміттенеді. Бұл, мүмкін, шарасыздықтан туған ой, әлде аңғалдық болар. Әйтеуір қаржы пирамидасын соңғы үміті көріп, ескертуді елемейтіндер де табылады. Сұраныс болған соң, алданатын адамдар барда, қаскөйлік тыйылысын ба.

Сенім тұрасындағы ұстанымға сыртқы күштің әсері бар. Нақтысы, блогерлер мен танымал адамдар. Кейінгі кезде күмәнді қаржылық жобаларға адам тарту үшін алаяқтар БАҚ өкілдері, танымал блогерлер мен вайерлердің көмегімен жаппай жарнама жүргізуде. Олардың аузынан шыққан әр сөзіне сенетін жұрт ақ-қараны айырмай, жылтыр сөзге алданып қалады. Ал жарнама жасағандар қаламақысын алғанымен, жауапкершілікті алмайды. Өкініштісі, салымшылар бармақ тістеп, арыз жазғанда ғана жарнамалаған жандарға жаза қарастырылған. Ол кезде қаражат шетел асып, қатысы бар қылмыскерлер ізін суытып үлгереді.

Мәселен, бірнеше жыл бұрын белгілі блогерлер Мейірман Төребаев, Мейірман Шерниязов және Азим Саидбаев қаржы пирамидасын құрды деген күдікке ілініп, сотталды. Олар атышулы «Mudarabah Sarita» компаниясының ісі бойынша жауапқа тартылды. Күдіктілер әдепкіде айыбын мойындамай, ескі нұсқа бойынша жауап берген – «Кінәміз жоқ, тек жарнама жасадық». Кейіннен әділ жазасын алды.

Мұндай қадам өзге блогерлерге сабақ болу керек еді. Дегенмен қаржылық кіріс-шығысы күмәнді компанияларға жарнама жасайтын «жұлдыздар» азаймай тұр.

– Ел алдындағы өңші, актер, блогерлердің қаржы пирамидасын жарнамалауына қарсымын. Өйткені олардың сөзіне сеніп ақша салып, несие алып алдандар көп. Өз-өзіне қол жұмасағандарды да естідік. Көп отбасы ажырасты. Мысалы, жиеңімнің ажырасуына QNet пирамидасына қосылып, несие алғаны себеп болды. Сондықтан құқық қорғаушылар алаяқтарды тоқтатуы керек, – дейді қала тұрғыны Клара Мыңбаева.

Айта кетейік, биыл QNet және ChiaThai пирамидасын ұйымдастырушыларға қатысты қылмыстық істі аяқтаған, сотқа дейінгі тергеу барысында инвесторларға келтірілген 53 миллион теңге залал толық өтелген.

Аймақтағы бақылауда ма?

Аталған мәселеде әр аймақ аянып қалмауда. Жауапты мамандар статистика «тазалығы» мен азаматтардың құқығын қорғау үшін барын салуда. Мысалы, екі жыл бұрын Қызылорда облысы бойынша экономикалық тергеп-тексеру департаменті қаржы пирамидалары мен алаяқтық жасайтын сайттарды анықтау бойынша әлеуметтік желіге мониторинг жүргізуді қолға алды. «Кибернадзор» ақпараттық жүйесі арқылы қаржы пирамидасы белгісі бар сайттар мен сілтемелерді бұғаттау үшін ҚР цифрландыру және аэроғарыш министрлігі жанынан арнайы эксперттер тобы құрылып, нәтижелі жұмыс істеуде. Қазірдің өзінде қызылордалық мамандар заңсыздық жасаған 263 сілтемені тауып, оның 251-ін бұғаттаған.

Таяуда БАҚ-қа берген мәліметінде департаменттің талдау әзірлемелер тобының басшысы Нұрбол Әлдібайұлы өзге де өзгерісті

айтқан еді. Әсіресе, түсіндірме жұмысының күшейтінін байқадық.

– Бұдан өзге «Қабылданған шаралар нәтижесінде 4,5 мыңнан астам жазылушысы қаржы пирамидасының белгілері бар 5 шот жабылды. Жастарды қаржылық алаяқтықтан сақтандыру мақсатында, Қызылорда қаласындағы мектептер мен колледждерде өткен жылдан бері «Қаржылық сауаттылық негіздері» тақырыбында семинар-сабақтар өткізуі қолға алынды», – деді ол.

Облыстағы мамандары өзге жүйелерді де іске жаратуға. Айтар болсақ, бүгінде Cybernadzor жүйесі арқылы 460 сілтеме бұғатталып, 3 аккаунт жойылған. Агенттік мамандары «Baiqaritamida» Telegram-ботын әзірлеп, жылдам ақпарат алуға мүмкіндік қарастырған. Нәтижесінде, Telegram-ботқа 3500-ден астам шағым түскен. Сарапшылар сөзінше, «AFM-Insider» Telegram-боты арқылы да кез келген азамат күмәнді компаниялар туралы мәлімет бере алады. Ыңғайлысы, сала қызметкерлері барлық хабар анонимді әрі құпиялылық сақталатынына көпіл беріп отыр.

– QNet және «Атамекен 2021» пирамидасын ұйымдастырушыларға қатысты 3 қылмыстық іс жүргізілді және сотқа жіберілді. 302 млн теңгеден астам сомдағы мүлікке тыйым салынды. Сонымен қатар «Чиа-Тай» қаржы пирамидасы бойынша қылмыстық іс аяқталды. Аталған қаржы пирамидасының Қызылорда қаласындағы құрылымдық бөлімшесін басқарған күдікті бойынша сот үкімі шығып, 5 жыл бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалды.

Бұдан бөлек адамдардың сеніміне кіріп, қасақана ниетпен пара алу арқылы сыбайлас жемқорлық сипатындағы ауыр санаттағы қылмыстық құқық бұзушылықтарды жасаған ерлі зайыптылар 7 жыл бас бостандығынан айырылды, – деді департаменттің тергеу басқармасының басшысы Ерлан Қасқырбайұлы.

Сақтық жолы қайсы?

Қаржы пирамидасы туралы айтылып та, жазылып та жүргенімен, атаулары әр түрлі компания өз жұмыстарын жалғастыруда. Сарапшылардың пікірінше, қаржы пирамидасынан зардап шеккендер қаржылық сауаты төмен, саналы түрде тәуекелге баратын топ екен. Қымбаттылық бір жағынан қысса, несие екінші жағынан қысқан халықтың ұрынын жатқаны да осы пирамида. Себебі, аз уақытта несиелері мен қарыздарынан құтыламын деген мақсатпен барып, қолындағы барын беріп, ақырында сан соғып қалып жатады.

Қазір қаржы пирамидаларының түрі көп. Бағалы қағаздар, зергерлік бұйымдар, туристік жолдамалар, криптовалюта сатамыз дегенді желеу етіп, жұрттың қалтасына түсіп жүр. Бұған қоса, заңды микроқаржы ұйымдары, букмекерлік кеңселер, тұтыну кооперативтері мен үлеспұлдық инвестициялық қорлардың атын жамылып жүргендері де жетерлік.

Қазір алаяқтар айласын асырып, шынайы бейнесін жасыруға тырысады. Мысалы, кейбір қаржылық пирамида құрған адам өз ісін инвестициялық қызмет деп көрсетуі ықтимал. Әрине, негізгі табыс жаңа мүшелердің ақшалай салымдары болады. Қатысушылар саны көбейген сайын жоғарыдағылардың табысы еселене түседі. Осылай көбейту үшін қатысушыларға өзінің соңынан адам тарту керекін шарт етіп бекітеді.

Құқық қорғау мамандарының сөзінше, осы мәңдес әрекетті көргенде бойды аулақ ұстап, күдікті ұйымдарға жоламаған абзал. Күдікті сөйлеу үшін бірнеше сұраққа жауап іздеуде де кенес беріледі.

– Ашықтық керек деп қайта-қайта айтатынымыз бекер емес. Себебі ақша қайдан келіп жатқанын түсіне алмасаңыз, демек, бұл жерде бірдене дұрыс емес. Бұл нағыз қаржы пирамидасы болып шығуы ықтимал. Мұндағы шикіліктің ісін сезу үшін сұмдық заңгер не қаржыгер болудың керекі шамалы. Осындай алаяқтықпен бетпе-бет келмес үшін осындай материалдарды жиі шолып жүріңіз. Хабардар болып отырыңыз. Сонымен бірге сізге жұмыс ұсынып отырған компанияның басшысы кім, арнайы жарғысы бар, ресми тіркелген ұйым ба, салым қайда жатады, инвесторлар ақшасы қайда кетеді, бұған дейінгі жобалары сәтті іске асты ма — жан-жақты сұрастырыңыз. Осы сұрақтарды қарапайым қадамдар қалтаныңыздағы не картаныңыздағы бар тапқан-таянғаныңызды жоғалтудан сақтауы мүмкін, – дейді заңгер Қанат Мақсұт.

P.S. Қаржы пирамидасы – сан рет айтылған алдамшы жүйе, арбайтын жол. Тиісті қаржысын алған топ бір-ақ мезетте ізім-қайым жоқ болып, сенген жұрт сан соғып қалуы бұрыннан айтылған болжам. Сондықтан алаяққа алданбау үшін қаржылық сауатты артығырып, сақтық таныту ғана қауіптен құтқармақ. Алайда елдің бәрі бір емес...

Берен ШАҒЫРОВ

Басы 1-бетте



Абаттандыру: Көп жерде жанашырлық жетіспейді

Атқарылып жатқан қыруар шаруаның нәтижесінде бұрын-соңды көктесе де жұмыры ұзаққа бармайтын ағаштар жайқалып, жасыл-желекке айналып келеді. Облыс әкімінің қолдауымен қаланы абаттандыру, қоғаландыру бағытында серпінді жобалар атқарылууда. Биыл шаһар көлемін аяқсумен қамтамасыз ету үшін насос, мотопомпалар жеткілікті алынып, ескі техникалар жаңартылды. Бұл жағдай оңды шешілгенмен, кейбір аумақтағы екпелер қурап қалғаны да жасырын емес. Мәселені назарда ұстаған қала әкімі Серік Қожаниязов Назарбаев даңғылының бойында абаттандыру жұмыстары жүргізіліп жатқан нысанға барып, жекелеген кемшіліктерге тоқталды.

– Біздің бүгінгі міндет – қаланың тынысын ашатын, тұрғындардың бос уақытын өткізетін әдемі және ыңғайлы кеңістікке айналдыру, серуендеу аймағын құру, заманауи орындар жасау. Сол себепті сәні мен суәлеті жарасымды өң беретін, ұнамды көрік сыйлайтын орындар жасауға күш салып келеміз. Әлі де біткен істен бітпегені көп. Маньязы мәселеге жанашырлық жетіспей жатыр. Ең бастысы, тапсырма тиянақты атқарылуға тиіс, – деді қала әкімі арнаулы барысында.

Жанашырлық болған жерде алға жылжу бар. Әрбір істің артында жауапкершілік

тұрса, жарасады. Қала әкімі осы мәселеге ерекше тоқталды. Кемшін тұсқа назар қойып, олқылықтың орнын толтыру керектігін қаперге салды.

– Халықтың уәжі орынды, кейбір жерлерде қоғал, сәндік гүлдер қурап қалған. Оның себеп-салдарын анықтап, ауырған екпелер дәріленуге тиіс. Бізде осы шаруамен және күтіп-баптаумен айналысатын арнайы мекеме құрдық. Нәліктен істің нәтижесі төмен? Ағаштар мен гүлдер – таза ауа, табиғаттың тыныс алар «өкпесі», аптап ыстықта жан рахаттанатын салқын сая. Сондықтан жыл сайын жергілікті жердің табиғи климат жағдайына жерісетін ағаштар мен қоғал, гүл өту жұмыстарын жалғастыра береміз. Ал су арнасы тартылмаған орындарға автоматты тамшылатып суару жүйесін енгізу керек. Уақытылы суарып, баллақпаз, тазалық жүргізіліп отырса, табиғатымыз түрленіп, жасыл желекті жайқалта аламыз, – деген Серік Қожаниязов жауапты мекемелерге қатаң талап қойды.

Айта кету керек, аталған аумақта кіші архитектуралық пішіндер, спорттық тренажерлар, балалардың ойын алаңдары мен веложол түседі. Қазір жұмыстың 70 пайызы орындалған.

«Ақмешіт-ақпарат»



АПАТТЫ ҮЙЛЕР мәселесі қашан шешіледі?

Қала бойынша 68 тұрғын үй апатты жағдайда тұр. Баспанасы бас ауруына айналып, жаңа тұрғын үйге қолы жетпей жүргендердің көпшілігі қала іргесіндегі Тасбөгет кентінде тұрады. Таяуда апатты деп алаңдатып тұрған Амангелді көшесіндегі №3 үй жығылғанға жудырық болғандай, өзіресі суға толып, тұрғындарды әбгерге салған еді. Қала әкімі Серік Қожаниязов тұрғындармен кездесіп, жағдайды өз көзімен көрді.

Өзіресі су толса, шыбын-шіркей, маса көбейіп кететіні бар. Өуре-сарсаңға түскен тұрғындардың мәселесін шешіп беруді уәде еткен шаһар басшысы жауапты мекемелерге өкірені тазартып, масаларды улау туралы шұғыл тапсырма берді және бұл мәселе дер кезінде шешімін тапты.

– Өздеріңізге белгілі, аймақ басшысының қолдауымен облыс орталығына іргелес жатқан Тасбөгет кенті шаһармен бірдей қарқынды дамып келе жатыр. Қазір тұрғындардың сұранысына сай, тозығы жеткен бірнеше ескі үйдің шатыры ауыстырылууда. Одан бөлек, кентті көркейту, абаттандыруға байланысты жобалар жүзеге асырылып жатыр. Енді жалғыз

тұрғын үйі апатты деп танылған азаматтарға Титов шағын ауданынан салынып жатқан тұрғын үйден 135 пәтердің кілті табысталмақ. Жыл сайын осыншама пәтер табыстайтын болсақ, бұл мәселе бірер жылда түбегейлі шешімін табады, – деді Серік Салауатұлы тұрғындармен кездесуде.

Айта кету керек, бүгінде меншік иелері «жалғыз тұрғын үйі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен апатты жағдайда деп танылған азаматтар» санында тұрғын үй алу кезегіне құжат тапсырған 673 отбасы тіркелген.

«Ақмешіт-ақпарат»

ЦИФРЛЫҚ ИНКЛЮЗИЯ: ТЕҢ ОРТА, ТЕҢ МҮМКІНДІК

(Басы 1-бетте)

1980 жылдары технологиялық компаниялар мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін компьютермен жұмыс істеуді жеңілдету үшін шешімдер іздей бастады. Осылайша экраннан оқу құралдарының және сөйлеуді визуализациялау құрылғыларының алғашқы прототиптері пайда болды.

Білім беруге бағытталған платформалар кез келген уақытта, кез келген жерде оқуға мүмкіндік береді. Әлеуметтік мәртебе немесе қай жерде болуыңыз маңызды емес: егер интернетке кіру мүмкіндігі болса, қажетті білімді онлайн ала аласыз. Мұндай платформаларда ерекше жандарға мектеп және университет бағдарламалары бар. БҰҰ Балалар қорының есебінше, дүние жүзінде миллиардтаған жасөспірімдер мен студенттердің төрттен бірі мектепке бармайды. Бұл орайда цифрлық технологияларды менгеру үшін арнайы курстар мен цифрлық сауаттылықты арттыратын бағдарламаларды енгізу маңызды.

Қазіргі уақытта көптеген компания, соның ішінде Яндекс пен Google өз платформаларында цифрлық инклюзияны енгізуде белсенді жұмыс атқаруда. Мысалы, Яндекс өзінің 15 қызметін загіптардың қажеттіліктеріне бейімдеді, бұл оларға күнделікті тапсырмаларды орындауға, жұмыс істеуге, демалуға және тәуелсіз болуға мүмкіндік береді. Бұл қызметтер экраннан ақпаратты оқытын, загіптарға интерфейсін

оқу құрылғылары, мүмкіндігі шектеулі адамдарға арналған арнайы пернетақталар мен тышқандар және сөйлеу немесе есту қабілеті нашар адамдар үшін байланыс қосымшалары сияқты көмекші технологияларды қамтитын стартаптар мен кішігірім жобалар саны көп.

Ерекше адамдарды ақпараттық технологияларға оқыту – уақыт талабының бірі. Бұл оларға соңғы технологиялық жаңалықтардан хабардар болу мүмкіндігін беріп қана қоймай, сонымен қатар осы қарқынды дамып келе жатқан салада өсуге жол ашады. Бұл тәсіл технологияның дамуына үлес қоса алатын неғұрлым инклюзивті жұмыс ортасын құруға көмектеседі. Цифрлық технология мүмкіндігі шектеулі адамдар алдында тұрған кедергілерді жеңуге көмектесіп, оларға оқуға, жұмыс істеуге тең мүмкіндіктер береді.

Мәселен, аймағымызда үш ай бойы облыстық Жастар орталығы, «Жастар рухы» жастар қанаты мен «Grand Master» бағдарламалау мектебі бірлесіп ұйымдастырған үш ай бойы цифрлық сауаттылық пен IT-білім алуға бағытталған курстары сәтті өткенін айта кеткен жөн. Бұл дәрістер инклюзивті оқыту ортасын құру үшін жергілікті білім беру мекемелерімен және қоғамдық ұйымдармен бірлесіп ұйымдастырылды. Курсқа қатысушылар цифрлық қоғамға толық қатысу үшін қажетті дағдыларды алды, бұл олардың

педагогикалық қолдаумен қамту 80%-ға жетті. Инклюзивті білім беруді қамтамасыз ету үшін қосымша критерийлер әзірленген.

ҚР Оқу-ағарту министрлігі Білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасына сәйкес елімізде инклюзивті білім беруді дамыту бойынша жұмыс жүргізуде. Бұл туралы ведомствоның баспасөз қызметі мәлімдеді.

Бүгінде елімізде 86 пайыздан астам мектептерде инклюзивті білім алу мүмкіндіктері қарастырылған. Бұл туралы БҰҰ-ның Женевадағы Мүгедектердің құқықтары туралы Конвенцияда ҚР Оқу-ағарту вице-министрі Еділ Оспан мәлімдеді.

Ол өз сөзінде, инклюзивті оқыту – білім саласын дамытудың негізгі құрылымы ретінде танылды. Қазақстан Үкіметі ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оқытудың

IT-технологиялар ерекше балалар үшін оқу мен әлеуметтену үшін жаңа мүмкіндіктер ашады. Олар өздерінің қорқынышы мен кедергілерін жеңуге, белсенділікті арттыруға және оқу процесіне қатысуға көмектеседі. Осы технологиялардың арқасында балалар өздерінің дағдылары мен қабілеттерін дамытады.



Ерекше балаларға білім беру жаңа әдістерінде тек педагогикалық тәжірибелер ғана емес, сонымен қатар заманауи технологияларды пайдалану да бар. Мысалы, ZOOM және қашықтан сабақ беру арқылы оқыту бүгінде ешкімді таңқалдырмайды.

Мәселен, менде әр сыныпта ерекше білімді қажет ететін оқушылар бар. Әрбір ерекше балаға қысқа мерзімді жоспарға қосымша оқушыларға ыңғайлы етіп жасалған тапсырмалар қосамын. Бұл әрбір пәннің оқу жоспарында болуы қажет. Әрбір дайындалған тапсырмаларға түрлі әдіс-тәсілдер мен цифрлық технологиялар элементтерін қосамын. Бұл баланың тапсырманы орындау барысында ақпаратты менгеріп қана қоймай, жаңа технологияларды игеруіне септігін тигізеді. Әрбір балаға бейімделген компьютерлік және шығармашылық тапсырмалар арқылы, оларға тақырыпты тез әрі басқа оқушылар сияқты бір деңгейде менгеруге мүмкіндік береді, – дейді Ботакөз Нұрханқызы.

Мұғалімнің айтуынша, мектепте ерекше балаларға арналған инклюзивті білім беруге арналған арнайы орталығы бар.



Орталықта информатика пәнінің мұғалімдері арнайы бекітілген кесте бойынша робототехника үйірмелері өткізілетінін айтты.

– Балалардың робототехникада роботтарды құрастыруға деген қызығушылығы жоғары деңгейде. Алдағы жоспарда бағдарлама құрып, балаларға роботтарды жүргізіп үйретуді жоспарға алып отырмай. Қазіргі уақытта мен ерекше балаларға арналған жобаны дайындаудамын. Бұл жоба – балалардың ерекшеліктерін ескере отырып жасалған түрлі деңгейлердегі тапсырмалар жиынтығы. Алдағы уақытта осы жобаны білім беру үдерісінде пайдалануды жоспарлап отырмын. Жалпы осы ерекше балаларды оқыту барысында IT технологияларды білім беруде пайдалану оларға оң әсер ететінін байқадым. Компьютермен және түрлі платформалармен жұмыс істеу мүмкіндіктері мен қолданылатын әдіс-тәсілдері туралы педагогика ғылымдарының магистрі, Т.Есетов атындағы №264 мектеп-

Ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды оқытудағы цифрлық технологиялардың мүмкіндіктері мен қолданылатын әдіс-тәсілдері туралы педагогика ғылымдарының магистрі, Т.Есетов атындағы №264 мектеп-

Қазіргі уақытта көптеген компания, соның ішінде Яндекс пен Google өз платформаларында цифрлық инклюзияны енгізуде белсенді жұмыс атқаруда. Мысалы, Яндекс өзінің 15 қызметін загіптардың қажеттіліктеріне бейімдеді, бұл оларға күнделікті тапсырмаларды орындауға, жұмыс істеуге, демалуға және тәуелсіз болуға мүмкіндік береді. Бұл қызметтер экраннан ақпаратты оқытын, загіптарға интерфейсін естуге мүмкіндік беретін оқу бағдарламасымен қамтылған.

лицейінің информатика пәнінің мұғалімі Ботакөз Досжановадан білдік.

– Инклюзивті білім беруде мұғалімнің ерекше білім қажеттілігі бар оқушылардың мүмкіндіктеріне сәйкес оқыту әдістерін менгерулері шарт. Жалпы қазіргі таңда ерекше оқу қажеттілігі бар балалар цифрлық технологияларға қызығушылығы өте жоғары. Ерекше білімді қажет ететін балаларға білім беру цифрлық технологиялар арқасында әлдеқайда жеңілрек өтеді. Арнайы технологиялар арқылы сабақты оқыту, жаңа тақырыпты менгеруі де өте



«Платформа.ПРО» сайтында жарияланған ақпаратқа сүйенсек, заманауи технологияларды инклюзивті білім беруге сәтті интеграциялаудың мысалдарының бірі «e-NABLE» жобасын атап өтуге болады.

естуге мүмкіндік беретін оқу бағдарламасымен қамтылған. Мұндай технологиялар көру қабілеті бұзылған адамдардың өмірін жеңілдетіп қана қоймай, сонымен қатар олардың қоғамға тең және толыққанды қатысуына ықпал етеді.

«Платформа.ПРО» сайтында жарияланған ақпаратқа сүйенсек, заманауи технологияларды инклюзивті білім беруге сәтті интеграциялаудың мысалдарының бірі «e-NABLE» жобасын атап өтуге болады. Бұл жоба физикалық дамуға ерекшелігі бар балалар үшін қолжетімді және функционалды протездерді жасау үшін инженерлерді, дизайнерлерді және мұғалімдерді біріктірді. Ашық бастапқы код пен 3D басып шығару арқасында дүниежүзіндегі балаларға протездесуді қолжетімді етті.

Тағы бір шабыттандыратын цифрлық жоба – аутизммен ауыратын балаларды оқытуда роботтарды пайдалану. Зерттеулер көрсеткендей, роботтар аутизмді бар балалар үшін тиімді көмекші бола алады, себебі олар үшін қиын тапсырманы ойын арқылы оңайлатып, оңай тілдесуге мүмкіндік береді. Мұндай жобалар аутизммен ауыратын балалардың әлеуметтік және коммуникациялық дағдыларын дамытуға көмектеседі.

Жалпы, цифрлық инклюзия соқырлар мен нашар көретіндерге арналған экранды

әлеуметтік жаңа технологияларды игеріп, жұмысқа орналасу мүмкіндіктерін арттырды. Бұл қоғамның барлық мүшелеріне тең мүмкіндіктерді қамтамасыз етудегі елеулі қадам.

БІЛІМ БЕРУДЕГІ ЦИФРЛЫҚ ИНКЛЮЗИЯ

Инклюзивті білім беру – Біріккен Ұлттар Ұйымының бірқатар конвенциялары қолдайтын жаһандық қозғалыс және «ұлттық білім беру саясатына шолу» атты басылымында жарияланды. «Инклюзия» термині және инклюзивті білім беру принциптері 1994 жылы Испанияның Саламанка қаласында ерекше қажеттіліктері бар адамдарға білім беру жөніндегі дүниежүзілік конференцияда халықаралық қолданысқа енгізілді. Ұлыбританияда ерекше білім беру қажеттілігі бар балалар 1976 жылдан бастап қарапайым мектептерде оқуға құқылы болды.

2000 жылы Дакарда өткен дүниежүзілік білім форумында «Баршаға арналған білім» халықаралық қозғалысы құрылды. Қатысушылар балалар, жастар және ересектер үшін сапалы базалық білімнің қолжетімділігін жақтады. 2006 жылы 13 желтоқсанда БҰҰ Бас Ассамблеясы инклюзивті білім беру құқығы туралы баптарды қамтитын ерекше жандардың құқықтары туралы конвенцияны қабылдады. Айта кетсек, инклюзивті білім беруді қамтамасыз етуге БҰҰ Балалар қорының басты назарында.

Оқу-ағарту министрлігінің жариялаған жартыжылдық қорытындысы бойынша, мамандандырылған білім беру мекемелерінің желісін кеңейту шаралары жалғасуда. Инклюзивті білім беруге жағдай жасаған мектептердің үлесі 88%-ға дейін артты, ал балаларды арнайы психологиялық-

қолжетімділігін қамтамасыз ету және білім сапасын арттыру бойынша кешенді жұмыс жүргізіп жатқанын атап өтті.

– Инклюзивті білім беруді дамыту жөнінде стратегиялар мен бағдарламалар әзірленді. Алдағы уақытта педагогтар үшін оқыту семинарлары мен тренингтер ұйымдастырылып, мектептер мен оқу орындарының бастамалары қолдау табады. Арнайы білім беру ұйымдарының желісі 68 бірлікке ұлғайды. Мектептер базасында инклюзияны қолдаудың 708 кабинеті, 22 ресурстық консультативтік орталық ашылды. Оқу мекемелеріне 2,5 мыңға жуық педагог-ассистент, 9,7 мың арнайы педагог, 12 мыңнан астам педагог-психолог және әлеуметтік педагогтар жұмысқа қабылданды. 600-ден астам арнайы оқу бағдарламалары әзірленді. Кедергісіз және инклюзивті ортаны қалыптастыру үшін оқу орындарында инклюзивті білім берудің үздіксіз жүйесінің ұлттық моделі енгізіледі, – дейді Еділ Оспан.

Ерекше оқуды қажет ететін балалар үшін арнайы көңіл бөлу және мамандандырылған бағдарламалар маңызды болып қала береді. Мұндай инновациялардың басты артықшылығы – олардың тиімді болуы. Арнайы бағдарламалық қамтамасыз етуді кез келген компьютерге орнатуға немесе желде пайдалануға болады. Мұғалімдер ерекше қажеттіліктері бар балаларды оқытудың осы жаңа әдістерін үйреніп, өз жұмыстарында заманауи технологияларды қолданады. Балалар үй тапсырмасын орындауда ыңғайлы және шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін, цифрлық құралдарды пайдалана алуы үшін ата-аналармен бірге өз білімдерін шыңдай алады.

ОЛИМП ШЫҢЫНДАҒЫ ТАРИХ

Бірінші күнде-ақ спортшылардың жеңісті жолы жалғасын тапты. Үкілеп қосқан үмітіміз – Елдос Сметов дзюдодан тұңғыш Олимпиада чемпионы болып, тарихта қалды. 60 келі салмақта белдескен Қазақстан спортшысы финалда кілем қожайыны француздық Лука Мхелидзе жеңіп, спорттық мансабындағы үшінші Олимпиадасында алтын жүлдеге қол жеткізді.

– Мүмкін емес нәрсе жоқ. Соған көзім жетті. Егер ниет болса, бәрін де жеңуге болады. Бәрі де қолдан келеді екен. Жақсылық Үшкөмір ағамыздың арманы орындалып, жекпе-жек түрлерінен қазақтан Олимпиада чемпионы шықты. Өте қуаныштымын! Өзімнің үшінші мүмкіндігіме чемпион атандым. Бұған дейін күмісті де, қолаңды да алдым. Әлем чемпионы атандым. Халқымыз қуантудан артық бақыт жоқ», – деді Елдос Сметов.

Кейін БАҚ пен әлеуметтік желіде Елдосқа ыстық ықылас, ізгі тілек аралған жоқ. Тіпті Мемлекет басшысының ұялы байланыс арқылы құттықтаған сәті желіде кең таралды. Сондай-ақ спортшыға қолдау білдірген Ұлттық Олимпиада комитетінің президенті Геннадий Головкиннің ағалық ақылы да елді сүйсінтті.

«Елдос бұл медальға қол жеткізу үшін үш олимпиадалық циклді артта қалдырып,

өзінің нағыз чемпиондық мінезін көрсетті! Бұл алтынды Елдос алмағанда, кім алады?! Ұлттық Олимпиадалық комитет атынан Елдос пен оның бапкері Ғалымжан Жылғелдиевті Париж Олимпиадасындағы алтын медальмен құттықтаймын! Елдосың жеңісті бастамасы ұлттық құрама үшін жалғасын таба берсін! Алға, Қазақстан!» – деді Геннадий Головкин.

Дзюдо жетістігі мұнымен шектелмеді. Отандасымыз Ғұсман Қырғызбаев жартылай финалда шебері Давид Гарсия бразилиядық дзюдошы Виллиан Лимадан ұтылып қалған болатын. Кейін қола медаль үшін белдесуде сербиялық татами шеберінен айласын асырып, қола жүлдегер атанды.

Есте болса, спортшы алғашқы айналымда испаниялық татами шебері Давид Гарсия Торнемен белдесіп, қарсыласын жарыс жолынан тайдырса, екінші белдесуінде Олимпиада ойындарының екі дүркін жеңімпазы Оңтүстік Корея өкілі Ан Баудан айласын асырып, ширек финалға шықты.

«Жартылай финалдағы қарсыласымды да жеңуге болатын еді. Оның алдындағы үш белдесуімде кішкене шаршап қалдым. Не де болса еліме жүзде сыйлады. Бұдан артық бақыт бар ма?! Соңғы қарсыласым да оңай болған жоқ, Менен бойы да ұзындау екен. Осыған дейін осы балуандардан ұтылған кезім болған. Бүгін Олимпиада ойындарында есемді қайтардым. Медальға қол жеткіздім. Елімізге Париж



Олимпиадасының үшінші жүлдесін сыйлағаныма қуаныштымын. Маған кеше чемпион болған Елдос батырмыз да қолдау көрсетіп отырды. Басқа да жанкүйер болған барлық отандастарыма алғыс айтамын», – деді Ғұсман Қырғызбаев.

Расында, Елдосың «алтын» елдегі айтулы жаңалық айналымы оның отбасы мен сыйақысы туралы тақырып көп қозғалды. Әсіресе, «Үкімет жеңімпазға не берді?» деген сауал әлден көтерілуде.

Содан болар, БАҚ-та занамаға сәйкес жүлдегерлерге берілетін қаржы сомасы жарияланды. Онда Олимпиада чемпионы 250 мың доллар (118 миллион теңгеден астам) алса, күміс жүлдегерлер 150 мың доллар (71 миллион теңге), қола жүлдегерлер 75 мың доллар (35 миллион теңгеден астам) алады деп көрсетілген. Сондай-ақ 4, 5 және 6-орынға сәйкесінше 30, 10 және 5 мың доллар көлемінде сыйақы қарастырылыпты.

Жарыс жолында күтпеген жеңілістер де орын алды. Бокстан Қазақстан командасының капитаны Асланбек Шымбергенов алғашқы жекпе-жекте ұтылып қалды. 71 келі салмақта алғашқы жекпе-жегі өткізген Шымбергенов иорданиялық Зейад Ишашке жол берді.

Асланбектің қарсыласы бірінші раундтан бастап бірінші нөмірмен жұлдырқасуға ұмтылды. Отандасымыз қорғана жүріп, қарсыласының қателігін ұтымды пайдаланумен болды. Кәсіби қимылын байқаған төрешілер бірінші раундта Асланбекті басым түсті деп баға берген еді. Екінші раундта да осы есеп сақталды. Ал үшінші раундта қарсылас белсенді қимылдап, жеңіске жетті. Осылайша, бокстан Қазақстан командасының бір мүшесі жарысты аяқтады.

Жұлдырқасудан кейін бас бапкері Мырзағали Айтжанов команда капитаны Асланбек Шымбергеновтің жеңілісіне қатысты пікір білдірген болатын. Ол

бәсекенің әділ өткенін меңзеп, сәттілік жетіспегенін білдірді.

«Қарсылас оңай емес. Оның алдында да бір-екі рет кездескен. Қарсыласын тоқтата алмады. Жеңісті 3:2 есебімен бізге де, қарсыласқа да беруге болады. Төрешілер ұпайдан қысты дей алмаймын. Жеңіске деген құштарлығы басым болғасын, иорданиялық спортшыға берді деп ойлаймын. Бұл – Олимпиада, сол үшін бәріне дайын болу керек», – деді М.Айтжанов.

Ел назарын аударған өкінішті сәт – дзюдодан Қазақстан әйелдер құрамасының көшбасшысы Абиба Әбужақынова қола медаль үшін күресте жеңілді. Әбиба Әбужақынова бірінші белдесуінде Израил балуаны Сара Ришониді Waza-Agi ұпайымен жеңсе, екінші кезінде Тайпей спортшысы Чен-Хао Линнің жауырынын 17 секундта жер иісетті. Өкінішке қарай, ол Олимпиада ойындарының үшінші айналымында қарсыласына жол берген болатын. Ол қола жүлде үшін өткен матчта швециялық Тара Бабулфаттан жеңіліп қалды.

Намысқа тырысқан қазақ қызының әрекеті қалың көпті елжіретіп, әлеуметтік желіде қолдау білдіру күшейді. Спортшының әлеуметтік желіде жариялаған постына жарты тәулікте 10 мыңға жуық пікір жазылған екен.

Спортшының өзі қоладан қапы қалғанына налып, былайша пікір білдірген.

«Жаракат болса да шыдайтын едім, сол қателік... Қарсыласым швециялық Тара Бабулфат өте қолайсыз, тиімсіз. Әдіс жасатпайды, лақтыра алмайсың. Қаншама әрекет жасадым, бәрібір өзіңкі істеді. Қарсылас біліп тұр, сол үшін аяқтан теуіп тұрды. Өкінішке қарай, жүлдеге қол жеткізе алмадым. Барымды салдым. Бірақ жүлдесіз қалдым, үміттеріңдізді ақтай алмадым, кешіріңіздер», – деді Абиба жылап тұрып.

Ерсін БАЛТАБЕКҰЛЫ



ҚАЗ-ҚАЛПЫНДА

Қайқыбай

– Ассалаумағалейкүм, – дедім алдымнан кезіккен қарт Қайқыбайға. Үнсіз қолын созды. Әрі қарай тәттішеп жағдай сұрағанның да мәнісі болмайтынын түсіндім. Өмірдің талай бейнетін бастан өткіріп, тағдырдан теперіш көрген оның қолы да көп нәрсені аңғартқандай. Қатая-қатая тікенекке айналып, кей тұсы жарылып кеткен. Ауласынан сыртқа шығып, мойнын созып, әлден уақыт тұрады да, таяғына сүйеніп көшенің бұрышындағы тоқал тамға кіріп кетеді. Кейде күнұзақ ауласында отырады да қояды.

– Бұл кісіні тағдыр оңдырмады. Тіпті балалары да ат ізін салмағалы көп болды ғой, – деді көлікке мініп жатып күрсінген Сырымбет.

– Мен ес білгелі бұл кісінің үйіне кісі келгенін байқамаппын. Тіпті, балалары бар екенін білмейді де екенім, – дедім танданысымды жасыра алмай.

– Пешенеңе не жазылса, соны көреді екенсің. Біздің қазақ «Атана не қылсаң, алдына сол келер» деп біліп айтқан ғой, – деп бастады әңгімесін менен он жастай үлкендігі

бар көршім. – Ол кезде мен әрі кетсе бес-алтыдағы ойын баласы едім. Бір күні осы кісінің ауласына төрт-бес шетелдік автокөлік келіп тоқтады. Біздің көшенің тұрғындарының барлығы демде қақпаларын басып шығарып, тосырай қарағанын білемін. Өзім де ол уақытқа дейін бұрыштағы тоқал тамға бөтен адам келгенін көрмеймін.

– Сонда келген балалары ма екен?

– Иә, балалары... Білесің бе, бауырым, бірақ олар әкелерінің халін білмекке келмеген...

Сұраулы жүзбен қараған маған қарап тұрып:

– Сендер қазір ауылда тұрғанмен, ауылдың тұрғыны емесіңдер ғой. Иә, иә, анығы сол: сендер осы ауылда жүргенмен елдің тіршілігінен хабарларын жоқ. Таң ата жұмыста, күн бата үйде. Көшені жай ғана беймарал аралап жүрген кезің есінде ме? Осы онжылдықта олай халықтың тыныс-тіршілігін қарап жүрмеген боларсың. Тіпті ауылдың әкімі де олай істемейді... Иә, қазір мен саған Қайқыбайдың балалары үйіне таласып келді десем,

ішегіңді тарта танданасың. Бірақ кез келгеніңнің ниғылын сондай қазір... Мен үндемедім. Сырымбет әрбір әңгімесінің астарынан зіл тастап, бір Қайқыбайдың өмірі арқылы маған, мен ғана емес-ау, тұтас адамзат баласына өкпе-назын білдіріп жатқандай...

– Е, бауырым, – деді сәл үнсіздіктен соң. – Біз қазір екеуіміз отырып алып, Қайқыбайдың өмірін талқайламыз ғой. Бірақ біз өзіміз де айнаға қарайықшы... Иә, Қайқыбайда бір емес, бес бала бар. Олар қазір де болуы мүмкін. Сол балалар мына Қайқыбай науқастанып, төсек тартып жатқанда болашақта үй мен жердің құны көк қағазға айналады деп, мұрагерлікке таласа келіпті. Астарында шетелдік джиптер, бастарында коттедж болғанымен, пейілдерінің соншалықты тар екенін білмеймін. Алты күн жатты осында. Бірақ алты күннен соң Қайқыбай басын көтерді. Олар өледі деп үміттенген әкелерінің көрер жарығы бар екен. Аяққа тұрды. Балаларының басы қосылғанына сондай қуанды. Кемпірі ерте кеткен ғой. Кейде сол кемпіріне «Мына

менің сүріп жатқан өмірімді көрмей, ерте кеткен сен бақыттысың» деп, кемсеңдеп отырғанын талай көрдім. Иә, жанын езіледі. Ізінде қалған тұяқ бар, бірақ қадеге асары жоқ. Мұның үндемейтіні жоқ. Әлгі бес баласы үйге таласа келгенін білмейді екен, хал сұрауға келді деп сонша қуанды. Шаттанып, той қылды. Бірақ шынайы жағдайды білгеннен кейін әлі күнге дәл солай қуанбады... Қазіргі өмірі өзің көргендей... Қу бас, қу тізесін құшақтап қалды деген осы ғой...

Өз-өзіме келе алмадым. Көз алдыма жалғыз әкесін қаңғытып қойған бес үл келді. Иә, олардың шекелері шылық өмір сүріп жатқанын да ел біледі. Бірі – прокурор, бірі – кәсіпкер, тағы бірі университетте сабақ береді. Қалған екеуі де – белді қызметкер. Әрбірі өз салаларының білгірі екен. Бірақ, мамандықтан шатаспай, үздік болып жүрсе де, адамдықтың ауылынан ада қалыпты. Жыртық көңілге жамау таппаған Қайқыбайдың енді осылай қалғаны ма?!

– Ойланып қалдың ба, бауырым? – деді онсыз да сан сауалға жауап таппай отырған менің ойымды ұққан Сырымбет. – Иә, Қайқыбай өмірден өзі екен тарыны өзі орды. Жас күнінде ел аралап, талай жерде қызмет еткен. Кәсіп істеген. Тіпті халықаралық қатынастарда да оның атынан ат үркетіндей денгейде болғанын

сырт көзден естігенмін. Әрине, бұл шалдың өзі саған ләм-мим деп ауыз ашпайды. Ассалаумағалейкүмне уағалейкумассаламы жоқ. Негізі мына батыс өңірден келіпті. Біздің ауылға келіп тұрақтағанына да 50-60 жыл болған шығар... Бірақ мұнда еш ағайыны жоқ. Қартайған әкешесінің «мойныма масылсын» деп тастап кеткен екен. Өмір ғой енді. Қара басы сопайып қалды. Жасында істегені басына келмегенде қайсы?! Әрине, атана істегені алдына келеді ғой. Кейде бұ дүниедегі жасаған жақсылығың да, жамандығың да о дүниеге бармайды, осы жақта қарымтасы қайтады дегенді естуші едім. Әлгі Қайқыбайдың тағдыры осы сөзге сенбесіме қоймады.

Ауылда үш айдай болмады. Әпкемнің ашқан жеке кәсібін жандандыру үшін Алматыда біраз уақыт еңбек етіп жүрген сәттерім еді. Бір күні телефон шырылдады. Қарасам, Сырымбет екен.

– Қайқыбай қайтыпты, естідің бе? – деді.

Көз алдыма бір ай бұрын ғана көрген қарт келді. Жағдайы жақсы еді. Бірақ іштей жанын жегідей жеген мұң шығар делім.

Жаназасын көршілері шығарыпты. Ал үйі мен жерін мемлекетке қалдырып кеткен екен. Ал бес баласы сол күйі хабарсыз...

Аян СПАНДИЯР



«Харрис сайлауда көші-қон реформасы, аборт құқығы, Украинаға көмек сияқты тақырыптарды көтереді. Пенсильвания, Мичиган және Висконсин штаттары Трампты немесе Харристі біржақты қолдамайды. Сондықтан олардың дауысы шешуші мәнге ие болуы мүмкін. Кандидаттар бар күшін осындай маңызды штаттардағы халықты сендіруге жұмсайды. Харрис президент әкімшілігінің кейінгі 4 жылдағы жетістіктерін алға тартып, жұмыс орындарының көбеюі, респонденттер берілетін дәрі-дәрмек бағасының арзандауы және студенттер қарызының кешірілуі сияқты шараларды мақтан етіп айта алады», – деді тілші.

Расында, саясаткер әлеуметтік мәселер, әсіресе көші-қон тақырыбында тәжірибесі бар. Байден Харристі АҚШ-тың оңтүстігіне ағылған мигранттар легін тоқтату үшін Латын Америкасы елдерімен дипломатиялық байланысты бақылауға шақырған болатын. Байден президент қызметіне кіріскеннен кейін Трамп кезінде қабылданған көші-қон ережелерін біраз жұмсартты. Сөйтіп, болашақта Америкамен байланыстыратын мигранттар көшін қайта жандандырды. Харрис мигранттардың туған жеріндегі жұмыссыздық пен кедейлік сияқты мәселенің түпкі себебін шешуге тырысты. Бірақ оңшыл саясаткерлер мен Демократиялық партияның кей мүшелері оны аптапал шекарада бармай жүріп алғанын сынағанын да жасыра алмаймыз.

Не де болса, Камала Харристі қолдайтын топ бар. Ол қатталылар арасында да аз емес. Оған мысал, сайлауға қаражат жинауға арналған ActBlue платформасының мәліметінше, Харрис Байденнің президент сайлауы бәсекесінен шығатынын айтқанныан кейін 100 млн долларға жуық қаражат жинаған.

Ұпай мен ұнам

Қазір Камаланы әйелдер қауымы қолдап отыр. Ол түсінікті де. Маньяздысы, АҚШ үшін маңызды үш электорат – әйелдер, қоғамдық ұйымдар, шалғайдағы қауым оның жағында. Шілдедегі дерекке сенсек, жана кандидатты қолдағандардың 50 пайыздан астамы әйелдер екен. Бұған бастан ойланып отырған себеп болғандай. Мысалы, өзінің саяси салмағын ұғындырған Камала сайлауалды сөзінде: «Мен қылмыс әлемінің әр тарапындағы кінәлілерді құрықтауға атсалыстым. Әйелдерді қорлаған жауыздарды, тұтынушыларды сан соқтырған алаяқтарды, қара басының пайдасы үшін опасыздардың ізіне түстім», – дейді. Бұл қоғамдағы түрлі мәселеде шешімін табуға тырысқан «идеал Харристің» ролін жеткізуде мүлтік кетпеді деген сөз.

Жалпы сайлана қалса, Харристің сыртқы істер саласындағы білімін көрсетуге мүмкіндігі бар. Ол Украина мен Газа секторында соғыс болып жатқан тұста, Трамппен пікірталаста басым түсіп, сайлаушылардың көзқарасын өзгерте алады. Харристің 2020 жылы Демократиялық партия атынан президенттікке ұсынылуына кедергі болған факторлардың бірі осы халықаралық тәжірибесінің болмауы еді. Сарапшылар сөзінше, Харрис сыртқы саясаттағы кей мәселелерге қатысты Байден әкімшілігінен бөлек позиция ұстанса, сайлаушылар дауысына ие болуы мүмкін.

Байден Израильді қолдап, оған қару-жарақ жібергені үшін демократ жақтастарының бір бөлігінен, әсіресе жас прогрессивтілерден айырылып қалды. Көктемде АҚШ-тағы университеттердің көбінде Байден әкімшілігінің Израильді қолдауына қарсы наразылық өршілді. Бұл мәселе ұстанымын ашық білдіре қоймаған Харрис Израильдің Газа секторын атқылауын сынап, Байден ұсынып шығарып алған сайлаушылардың біраз бөлігін өзіне қайтара алады.

Орайын ол да түсініп, іске кіріскенге ұқсайды. Ол таяуда ғана Израильдің әскери қадамын сынап, қаза тапқан мыңдаған адамның құқы туралы сөз қозғайды.

«Израиль өзін қорғауға құқылы, әрине, бірақ Газа секторындағы қырғын шектен шыққандай. Қаза тапқан балалар, апшан қатқан адамдар, пана тілеп босқан халық. Біз бұл жағдайдан бұрылып өте алмаймыз. Өзегінің қайғысына көңіл бөлмеуге болмайды. Мен үнсіз қалмаймын», – деді Камала Харрис.

Істің кейінгі даму көрсеткіші саяси қадамға байланысты. Мүмкіндік бар. Мысалы, бірнеше күн бұрын Израиль премьер-министрі Биньямин Нетаньяху АҚШ-қа келді. Онда соғыс жайы мен сыртқы саясатқа қатысты АҚШ-тың «батасын» алу көзделгені анық. Дәл сол сәтті АҚШ президенттігіне бірден-бір үміткердің қатаң сөйлеуі түрлі ойға жетелейді. Бұл кезекті саяси ұпай жинау ма, әлде шынайы өзгеріс бастауы ма? Бұл сұрақтың жауабы уақыт еншісінде. Нақтысы, сайлау қорытындысында.

Түпнұсқадан аударып,
шолу жасаған
Ерсін ШАМШАДИН

Басы 1-бетте

Меншік иесі:



жауапкершілігі
шектелуі серіктестігі

Бас директор
Марат АРАЛБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт
апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор
Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА

Телефондар:
Бас редактор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1022)
Жауапты хатшы, бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӨЙМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4, Т.Жүргенов атындағы Шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдан 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу нөмірі №17657-І.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ-4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған.
Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейді, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескерілген.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында тіріліп, беттеліп, «АШ» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылады. Тел: 8(7242) 40-06-68

Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонна хабарласуға болады.

Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.
Таралымы 3438 Тапсырыс №1183

Нөмірдің кезекші редакторы Гауһар ҚОЖАХМЕТОВА